



«БЕКІТЕМІН»

«Зайсан технология колледжі» КММ
директоры Е.Т.Сейлханов

«31» 08 2018 ж.

ЖАС МҰҒАЛІМДЕР МЕКТЕБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

Жас мұғалімдер мектебі – бұл атқаратын қызметі бойынша еңбек өтілі 2 жылдан кем емес жоғары және орта арнайы білімі бар оқытушыларды біріктіретін, біліктілікті жетілдіру жүйесінің құрастырушы бөлігі болып саналатын тұрақты жұмыс атқаратын кәсіби бірлестігі.

Жас мұғалімдер мектебі жас мұғалімдердің жаңа кәсіби жағдайға кәсіби бейімделу уақытында педагогикалық және әдістемелік қолдау көрсетеді.

2. Мақсаттары мен міндеттері:

Мақсаттары: жас мұғалімдердің өзін-өзі оқытуы мен жетілдіруді тұрақты талап етуді қалыптастыру.

Міндеттері:

- үздіксіз білім беруде жас мұғалімнің талаптарын қанағаттандыру;
- түрлі қиыншылықтарды шешуде көмек көрсету;
- оқытушының жеке шығармашылық стилінің қалыптасуына көмектесу;
- жас мұғалімдерге білім беру процесіне қазіргі жаңа көзқарастар мен озат педагогикалық технологияларды енгізуге көмек көрсету.

3. Қызметі мен міндеттері

3.1. Жас мұғалімдер үшін топтық сабақтар ұйымдастыру, практикалық, семинар сабақтарын, ғылыми-практикалық конференциялар өткізу, білім беру қызметін ұйымдастыру және кәсіби өзін-өзі оқыту мәселелері бойынша жас мұғалімдер мектебі мүшелерінің есептерін тыңдау.

3.2. Жас мұғалімдердің кәсіби талаптарын зерттеуді ұйымдастыру, өзін-өзі жетілдіруге көмек көрсету.

3.3. Озат педагогикалық тәжірибені зерттеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

4. Жас мұғалімдер мектебі қатысушыларының құқықтары

4.1. Семинар, конференция, шығармашылық және педагогикалық шеберханаларға қатысу.

4.2. Колледждің материалдық базасын өзін-өзі оқыту үшін қолдану.

4.3. Тәлімгер-оқытушыдан консультациялық көмек алу.

4.4. Өзінің біліктілігін арттыру.

5. Жауапкершілік

Жас мұғалімдер мектебінің қатысушылары және жетекшісі адлына қойылған мәселе, қызмет, міндеттерді орындауға жауапты.

6. Басқаруды ұйымдастыру

Жас мұғалімдер мектебінің жұмысын ұйымдастыру үшін оқытушылар қатарынан жоғары немесе бірінші санатты оқытушы жетекші болып тағайындалады.

Оқу жылы бойы жас мұғалімдер мектебі төрт сабақ өткізеді.

Жас мұғалімдер мектебі жұмысының негізгі формасына мыналар жатады:
-оқу-әдістемелік сұрақтар бойынша семинарлар, оқытушылардың шығармашылық есептері;

- ашық сабақтар мен пән бойынша дәрісханадан тыс іс-шаралар;
- дәрістер, оқыту мен тәрбие беру әдістемесі бойынша пікірталас және мәлімдеме;

- педагогикалық озат тәжірибені зерттеу.

7. Іс жүргізу

7.1. Жас мұғалімдер мектебінің ережесі.

7.2. Жұмыс жоспары.

7.3. Әдістемелік нұсқау комплектісі, ақпараттық бюллетеньдер.